

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №31 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ**

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Баяхметова О. Б.

«27» 08 2025 ж.



«Келісілді»

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Сейітханова Ж.Қ.

«27» 08 2025 ж.

2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру барысында атқарылатын іс-шаралар жоспары

Мектеп кітапханасы – мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі – оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс-шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытары анық. «**Кітап оқитын ұлт**» жобасы және «**Балалар кітапханасы**», «**Адал азамат**» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу.

Кітапхана мақсаты: *Оқушылар үшін* «Білім беру бағдарламасының міндетті мазмұн деңгейін оқушылар меңгеруге бағытталған жағдай жасау, оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық рухани және дене шамасы, олардың жеке ерекшеліктері, мүддесі мен мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік, саламатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, азаматтылық пен патриотизмді тәрбиелеу».

Мұғалімдер үшін: «Ұсынылатын қызмет түрінің сапасын арттыру мақсатында мұғалімнің кәсіби өсуін арттыру, оның жеке тұлғалық функциясын жүзеге асыру үшін жағдай жасау».

Кітапхана жұмысының міндеттері: Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.

Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.

Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.

1. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
2. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
3. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
4. Кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

**Мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында
атқарылатын іс-шаралар 2025-2026 оқу жылы**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Сынып	Өткізілу түрі	Жауапты
1	«Кітап – білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	қыркүйек	1-11 сыныптар	оқулық тарату	кітапханашы
2	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қазан	2-3 сыныптар	саяхат	кітапханашы
3	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру;	Қараша	1 сыныптар	саяхат	кітапханашы
4	- «Адалдық – менің қасиетім» тақырыбында викторина	Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, патриотизмді тәрбиелеу, Адалдық қасиетті насихаттау	Жыл бойы	8-11 сыныптар	кітап оқу	кітапханашы
5	«Тәуелсіз еліміз – Қазақстан»	Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі ету, өскелең	желтоқсан	Жалпы оқырмандарға	Кітап көрмесі	кітапханашы

		ұрпақтың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту.		арналған		
6	14 ақпан Кітап сыйлау күні	Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын, кітап оқу мен кітапханаларды қолдау	ақпан	1-5 сыныптар	акция	кітапханашы сынып жетекшілер
7	«Наурыз-көктем»	Наурыз мерекесін тойлау туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрете отырып жас ұрпақты болашақта өз дәстүрлерін білуге тәрбиелеу.	наурыз	5-7 сыныптар	өлең оқу байқауы	кітапханашы
8	«Қалың қалай оқулық?»	Оқулықтарды таза ұстауға шақыру	ай сайын	1-11 сыныптар	рейд жүргізу	кітапханашы
9	«ДосболLike» жобасы	балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.		Жалпы оқырмандарға арналған	кітапханалық сабақ	Сынып жетекшілер
10	«Балалар кітапханасы» жобасы	Үзілісте 5 минут кітап оқу акциясы	Жыл бойы	Жалпы оқырмандарға арналған	кітап көрмесі	кітапханашы
11	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап – білім	Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың	сәуір	5-9 сыныптар	Кітапханалық сабақ	кітапханашы

	бұлағы»	адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.				
12	«Қалың қалай оқулық?»	Жыл соңында оқулықтарды тексеру	сәуір	1-11 сыныптар	рейд жүргізу	Кітапханашы Сынып жетекші
13	«Достығымыз жарасқан»	Оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.	мамыр	8-9 сыныптар	кітап көрмесі	кітапханашы
14	7- мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт ел қорғаны»	Білім алушыларды патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.	мамыр	4-7 сыныптар	кітап көрмесі	кітапханашы
15	«Бейбіт күн жасасын әлемде»	Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңда арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, құрметтеуге тәрбиелеу;	мамыр	6-8 сыныптар	кітап көрмесі	кітапханашы
16	«Кітап оқитын ұлт» жобасы	6-10 сынып оқушыларына берілген тізім бойынша шығармаларды оқытуға шақыру	Жыл бойы	6-10 сыныптар	Жоба	кітапханашы сынып жетекші
18	«Кітап – білімнің қайнар көзі»	Оқулықтармен жұмыс	мамыр	1-11 сыныптар	оқулықтарды жинау	кітапханашы

Кітапхана меңгерушісі: Едресова Г.Н.